



**АБЫРОЙЛЫ  
ІСТЕРІ КӨП**



3-бетте →

**ЖЕМҚОРЛЫҚТЫ  
БОЛДЫРМАУ –  
ӘР АЗАМАТТЫҢ  
МІНДЕТІ**



4-бетте →

**ҚАРАҚШЫЛАР  
СОЙҚАНЫ  
немесе  
ЖОЛ ТОРЫҒАН  
БАНДАНЫҢ  
АҚЫРЫ**



5-бетте →

**САЯСАТ**



ғана олардың қорғанышы» екеніне сендірмек. Ұраншылдыққа ұрыну қоғам үшін керісінше Ресейдің үміт еткен сценарийін орындап бергені болып қалмақ. Украинада мұндай әккілікті іске асырған Кремель қажет жағдайда Қазақстанда да ондай ойын қайталай алатынын білдіріп отыр.

Әзірше Ақорда мұндай арандатуға елігіп ермей, салқын қандылықпен жауап беріп отыр. Десе де алаңдайтын жағдай жетерлік. Әсіресе Солтүстіктің тағдыры мазалайды.

Мойындау керек, қазір Солтүстік Қазақстан облысының әлеуметтік-экономикалық жағдайы маз емес. Мектеп бітірген түлектер Ресейдің шекаралас аймақтарындағы жоғарғы оқу орындарына түсіп жатыр. Олар сол жақта қалса бір басқа. Басқа ой, ниетпен күшейіп қайтып келсе, ол үлкен мәселе. Жұмыссыздық деңгейі, табыс көлемі дейтін маңызды салаларда Солтүстік Қазақстан ең төменгі орындарда. Тіпті, құрдымда тұрған аймақ десе те болады.

Осы аптада қоғам мән бермеген, көңіл аудармаған мәселе Үкімет отырысында кеңінен талқыланды. Солтүстік Қазақстан облысының 2025 жылға дейінгі даму бағдарламасы қабылданды. Енді бұл аймаққа жалпы көлемі 2 трлн. тенге инвестиция салынбақ! Мына сандарға назар аударсақ:

Ауыл шаруашылығы бойынша 52 сүт фермасы,

**АУЫС-ТҮЙІС**



**Ержан АШЫҚБАЕВ**  
Қазақстан Республикасының Америка Құрама Штаттарындағы Төтенше және Өкілетті елшісі лауазымына тағайындалды



**Әділбек СӘРСЕМБАЕВ**  
ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму вице-министрі қызметіне тағайындалды



**Берік ШОЛПАНҚҰЛОВ**  
Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі төрағасының орынбасары лауазымына тағайындалды



**Ақан РАХМЕТУЛЛИН**  
Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрінің орынбасары лауазымына тағайындалды

## САЛИҚАЛЫЛЫҚ ҺӘМ САЛДАМДЫЛЫҚ ҚАЗАҚСТАН БИЛІГІНІҢ БҮГІНГІ ҰСТАНЫМЫ ОСЫНДАЙ

**Әлемде геосаяси тартыс бұрыннан бар. Дегенмен соңғы кездері едәуір шиеленісіп барады. Байден билікке келгені Америка құрама шаттаттары мен Ресей арасындағы қатынас тіпті күрделеніп, ушығып тұр. Бұл алып екі державаның қырғи-қабақтығы сырт көзге айқын көрінеді. АҚШ-тың жаңа президенті Байден соңғы сұхбаттарының бірінде «Путин – адам өлтіруші» деген ауыр сөзді де айтып жіберді. Оның үстіне Украина мен Ресей шекарасындағы әскери жаттығулар әлемді алаңдатып отыр. Өзара ақпараттың соғыс күшейген үстіне күшейе түсуде.**

Бұл жағдай Қазақстанды бейжай қалдырмасы белгілі. Құдай қосқан көршіміз Ресей стратегиялық әріптесіміз болса, екінші тараптағы АҚШ және Еуропа одағымен инвестициялық байланысымыз бар. Ал дәл осындай жағдайда жан-жақты көпвекторлы саясат жүргізудің мүмкіндігі азая түсуде. Ресейді санкциялармен қыспаққа алған сайын оның өзінің стратегиялық әріптестеріне ашуы артады. Ресей билігі былайша атқанда, «Не бізбен бірге, не бізге қарсы» дейтін түсінікте отыр. Осылайша, Қазақстанға қатысты Ресейдің империялық көзқарасы бұдан әрі де арта түсуі бек мүмкін. Оның алғышарттарының күн тәртібінде тұрған жоқ» деуі де екі мағыналы жауап болды. Керек кезде, күн тәртібіне шығады дегісі кеп тұрғандай.

Мәжіліс сайлауы қарсаңында Ресей Мемлекеттік Думасының депутаттары «Қазақстанның солтүстігі – Ресейдің сыйы» екенін айтса, енді Путиннің көмекшісі Владимир Мединский жақында сол қанғыған ойды жұртқа қайта қайтарды. В.Путиннің баспасөз хатшысы Песковтың «бұл Ресей администрациясының күн тәртібінде тұрған жоқ» деуі де екі мағыналы жауап болды. Керек кезде, күн тәртібіне шығады дегісі кеп тұрғандай.

Сондай-ақ, Ресейдің танымал «Лента.ру» сайтында «Қазақстандағы орыс тілінің жағдайы»

туралы көлемді мақала шықты. Қызықты тұсы, мақала авторы қажет болса «Ресей ақпараттық құрылымдарының ықпалдылығы соншалық, олар Қазақстанда билгендерін істей алатынын» жеткізіпті. Мұның бәрі бекер емес екені түсінікті. Кремельдің Ақордаға деген тағы бір ескертуі немесе қысымы деп қабылдасақ болады. Яғни, өзінің саяси орбитасы шеңберінен, тізгінінен шығармаудың амалы десек болады.

Ашығын айтсақ, осындай пост пандемиялық әлем жағдайында еліміздің екінші Президенті болып тәжірибелі дипломат Қасым-Жомарт Тоқаевтың сайланғаны маңызды болып тұрғандай. Қытайдың да, Ресейдің де сыртқы саяси ойындарын жетік меңгерген маман жалаң ұранмен бар абыройынан айырылған Арменияның Премьер-министрі Пашаян сияқты айғайға баспай, үндемей жүріп, ұтымды позиция ұстанып келеді. Мұны мойындау керек.

Ресейдің ақпараттық шабуылы әзірше – тек тексеру, түртіп көру, соқтығысуға сылтау іздеу ғана. Қазақстанда қоғамдық истерия орнап, қатты-қатты жалаң сөздер айтылып, популистік бастамалар көтерілгені, сөйтіп, бысып жатқан шоққа майдан құйылуы – Ресейге өте пайдалы. Әсірелушілерді қоздыру арқылы Қазақстандағы орыс тілді аудиторияны «Ресей

2 тауық фабрикасы салынбақ. «Қызылжар» транспорт хабы іске қосылады, басқа аймақтармен байланысты арттырып, барыс-келісті барынша күшейту үшін әуе қатынасы айына 16-дан 68 рейске дейін артады.

Сонымен қатар, облыстық жаңа аурухана, аудандарда 47 медициналық объект, тұрғындар үшін 21 мың пәтер мен 16 мектеп салынады. Назарбаев университетінің негізінде жаңа университет іске қосылады. Осы жоспар бойынша 26 мың жаңа жұмыс орны ашылып, оңтүстік аймақтардан 11 мыңға жуық адам көшіп келеді. Бұл қабылданған бағдарламадағы кейбір сандар ғана.

Ашығын айтқанда, Қ.Тоқаев ешқандай айқай-шусыз ұлттық қауіпсіздігі үшін ең тиімді шешім қабылдады. Қырымға тәуелсіздік жылдары ешқандай инвестиция салып, аймақтың дамуын назарға алмаған Украин билігіндей жалаң сөз, ұр да жық ұран айтқан жоқ, жүйелі де маңызды шешімді ел назарын аудартпай іске асыруды бастап кетті.

Президенттің осы бастамасы аймақты дамыту арқылы ел шебіндегі, шекара бойындағы әлеуетімді күшейтіп қана қоймай, ондағы азаматтардың, қандастардың Отанға деген ризашылығын одан әрі күшейтпек. Сөзбен емес, іспен әрекет ету – ерекше маңызды.

Міне, осындай аумалы-төкпелі заманда стратегиялық қауіп-қатердің алдын үндемей алып, қазақ президенті ретіндегі тарихи аманатын ың-шыңсыз атқарып отырған Қасым-Жомарт Кемелұлының бастамасына береке мен сәттілік тілейсің. Қайнап тұрған геосаяси тартыстарда үндемей жүріп-ақ, үйлей тірлік атқаратын азаматтарды, президентті қолдау – қоғамның азаматтық парызы болса керек.

**АҚИҚАТТЫҢ АҚ СӨЗІ**

### ӘДІЛ БИЛІК ТУРАЛЫ

**Тонькөк Қаған:**  
«Қағансыз ел – кіріптар.  
Біріккен батыр жау алар».

«Қағаны – батыр, ақылгөйі – кемеңгер елдің бағы жанады».  
«Қаған парызы – халқының қарнын тойғызып, мерейін өсіріп отыру. Түнде – ұйқы көрмедім, күндіз – күлкі көрмедім; қызыл қаным төгілді, қара терім сөгілді; күшімді сарқа жұмсадым, жауға да шап-тым құрсанып – бері өлім үшін!».

### ГАЗЕТКЕ 2021 ЖЫЛҒА ЖАЗЫЛУ ЖҮРІП ЖАТЫР!

Индекс 64722	Жазылу бағасы	
	қала	аудан/ауыл
9 айға	3 947,85	4 115,43